

**“Болгар мектеп-бақшасы” КММ бойынша Қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы № 3**

Болгарка ауылы

01.02.2024ж

Қатысқандар: мектеп директоры,
Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру (үйірме, секцияларға қатысу) және құқықбұзушылықты алдын алу шаралары
2. Қайырымдылық шаралары туралы мәлімет
3. Мектептің қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Э.А.Алманиязова сөйледі. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте төрт спорт секциялары жұмыс жасайды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі С.С.Бітімбаевтың жүргізіп жүрген “Тоғызқұмалақ” пен футбол секциясына көпбалалы отбасы балалары мен өгей әкемен тұратын Абдибакиева Дінзұхра қатысып жүр. Сонымен қатар, барлық мектеп оқушылары волейбол, шахмат бойынша спорт секциясына қатысады. Спорт секцияларын дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Маринов С.И. ұйымдастырады. Каникул кезінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында жоспар құрылып, “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында кітап оқу тапсырмалары беріледі.

Құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында оқу жылы басында жылдық жоспар құрылып, сол бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Әр аптаның жұма, сенбі, жексенбі күндері мектеп әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналардың қатысуымен түнгі рейд жұмыс жасайды. Жоспар бойынша тәрбие сағаттары, дөңгелек үстел, танымдық сабақтар өткізіледі.

Күн тәртібіндегі келесі мәселені мектептің әлеуметтік педагогы К.У.Тырнакова баяндады. Оқу жылы бойы мектептің “Жылы жүрек” еріктілер клубының мүшелері, 5-9 класс оқушылары, жалғыз басты ата-әжелерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға, күн көрісі төмен отбасыларына көмектесіп, қайырымдылық акцияларын үнемі ұйымдастырады. Қайырымдылық жәрмеңкелер, қолөнер жәрмеңкесі, тәттілер жәрмеңкесін өткізіп, қол ұштарын тигізіп, қамқорлықтарын көрсетті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директоры Қ.Қ.Жұрмағамбет қауіпсіз орта туралы баяндама жасады. Білім ордасының қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлер мен оқушылардың қауіпті және төтенше жағдайлардағы ұтымды әрекеттерге дайын болуы мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралардың жиынтығы мектептің кешенді қауіпсіздігі деп аталады.

Аталған шаралар әртүрлі органдармен, қызмет түрлері және педагогтармен өзара белсенді әрекет жасағанда жүзеге асырылады.

Оқушылардың қауіпсіздігіне төмендегідей түрлер жатады: өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, жарылыс қауіпсіздігі, тіршілік ортасының техникалық жағдайымен, табиғи факторлармен байланысты қауіпсіздік, лаңкестікке қарсы қорғаныс қауіпсіздігі, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік, радиациялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы саласындағы қауіпсіздік. Оқушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жауапкершілігін күшейту керектігін сөз етті. Қаулы:

1. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және құқықбұзушылықты алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілсін.
2. Мектептегі өткізіліп жатқан қайырымдылық шаралары жақсы деп бағалансын.
3. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мектеп ұжымымен, оқушылармен жұмыстар жүргізілсін.


Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  М.Ф.Маринова

Хатшысы:  Э.А.Алманиязова

Мүшелері:  М.Елюбаев

 Ә.Н.Бітімбаева

 В.В.Маринова

 Д.Т.Есентаева

 А.Б.Алманиязов